

Қосымша дәрі-дәрмектер беру туралы

Күшін жойған

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының XVI сессиясының 2017 жылғы 24 мамырдағы № 104 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2017 жылғы 15 маусымда № 1380 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 18 қыркүйектегі № 94 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 18.09.2021 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің 9-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес VI сайланған Алматы қаласының мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Орфандық және сирек кездесетін аурулармен ауыратын азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде қосымша "Агалнидаза (Фабразим)", "Ритуксимаб (Мабтера)", "Инфликсимаб", "Рилузол (Боризол)", "Элтромбопаг (Револейд)" дәрілік заттары тегін берілсін.

2. Алматы қаласы мәслихатының аппараты осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, оны кейіннен ресми мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және ресми интернет-ресурста жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясының төрайымы Х. Есеноваға және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Р. Тауфиқовке жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*VI сайланған Алматы қаласы
мәслихатының XVI сессиясының
төрағасы*

*VI сайланған Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы*

Ш. Умаров

Қ. Қазанбаев